



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ  
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ  
ҚОСТАНАЙ ӨңІРЛІК УНИВЕРСИТЕТІ



ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ  
МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "КОСТАНАЙСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МЕМОРИАЛЬНЫЙ  
МУЗЕЙ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА" УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

## АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ИННОВАЦИЯ, БІЛІМ, ТӘЖІРИБЕ-БІЛІМ  
БЕРУ ЖОЛЫНЫҢ ВЕКТОРЛАРЫ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ  
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ  
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

## МАТЕРИАЛДАРЫ

II КІТАП

## АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

## МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ  
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ  
КОНФЕРЕНЦИИ

«ИННОВАЦИИ, ЗНАНИЯ,  
ОПЫТ – ВЕКТОРЫ  
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТРЕКОВ»

II КНИГА



## РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

**Қуанышбаев Сеитбек Бекенович**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі;

**Жарлығасов Женис Бахытбекович**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

**Скударева Галина Николаевна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Мәскеу облысындағы МОУ «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректорының м.а.; Ресей Федерациясының жалпы білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ресей;

**Бережнова Елена Викторовна**, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәскеу халықаралық мемлекеттік қатынастар институты, Ресей;

**Ибраева Айман Елемановна**, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ жетекшісі;

**Онищенко Елена Анатольевна**, «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесінің Қостанай қаласындағы филиалының директоры;

**Демисенова Шнар Сапаровна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі;

**Утегенова Бибикуль Мазановна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры;

**Смаглий Татьяна Ивановна**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің, педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика және психология кафедрасының қауым.профессоры;

**Жетписбаева Айсылу Айратовна**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы.Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

«Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары»: 2023 жылдың 17 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. II Кітап. – Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 1231 б. = «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков»: Материалы международной научно-практической конференции, 17 февраля 2023 года. II Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 1231 с.

ISBN 978-601-356-244-5

Жинаққа «Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланатын мәселелердің алуан түрлілігі мен кеңдігі мақала авторларына заманауи білім беруді жаңғырту мен дамытудың, осы үдерісте қазақ ағартушыларының педагогикалық мұрасын пайдаланудың жолдарын, мұғалімдерді даярлаудың тиімді технологиялары мен форматтарын әзірлеу мен енгізу мәселелерін, ақпараттық қоғамдағы білім беру кеңістігінің ерекшеліктерін айқындауға, сондай-ақ педагогтердің инновациялық қызметінің тәжірибесін жинақтауға, педагогикалық үдеріс субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдауға мүмкіндік берді.

Бұл жинақтың материалдары ғалымдарға, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагог-психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей определить векторы модернизации и развития современного образования, использования в данном процессе педагогического наследия казахских просветителей, вопросов разработки и внедрения эффективных технологий и форматов подготовки учителей, специфики образовательного пространства в информационном обществе, а также обобщения опыта инновационной деятельности педагогов, психолого-педагогической поддержки субъектов педагогического процесса.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-244-5



УДК 37.02  
ББК 74.00

- организация семантических полей, лексической системы;  
- активизация словаря, совершенствование процессов поиска слова, перевода слова из пассивного в активный словарь.

Учитывая тесную связь процессов развития лексики и словообразования, данная методика включает и задания на словообразование, целью которых является уточнение структуры значения слова, овладение значением морфем, системой грамматических значений, закрепление связей между словами.

При разработке данной методики были использованы в модифицированном виде некоторые приемы и методы, описанные Л. С. Выготским, С. Н. Карповой, И. Н. Колобовой, Л. В. Сахарным, Н. В. Уфимцевой, Г. А. Черемухиной, А. М. Шахнаровичем и др.

Таким образом, необходимыми предпосылками обучения чтению старших дошкольников являются развитость фонетико-фонематической стороны речи (восприятие чужой речи и собственная речь ребенка) и умения звукового анализа и синтеза, сформированность лексико-грамматической стороны речи и развитие произвольности действий.

#### **Список использованных источников**

1. Агранович, З.Е. В помощь логопедам и родителям: Сб. домаш. заданий для преодоления недоразвития фонемат. стороны речи у ст. дошкольников / З.Е. Агранович; Худож. О.Р. Гофман. – СПб.: Детство-Пресс, 2014. – 147 с.
2. Воеводина, Е.С. Развитие операций фонематического анализа и синтеза при подготовке детей дошкольного возраста к обучению грамоте (рекомендации для родителей) / Е.С. Воеводина // Школьный логопед. – 2012. – № 6 (15). – С. 20-26.
3. Дуванова, С.П. Взаимосвязь уровня развития мелкой дифференцированной моторики пальцев рук и речи у детей старшего дошкольного возраста / С.П. Дуванова, Е.Ю. Тебелева // Школьный логопед. – 2012. – № 6 (15), – С. 27-32.
4. Елецкая, О.В. Уточнение и обогащение пространственно-временных представлений у детей с нарушениями речи / О.В. Елецкая, Н.Ю. Горбачевская // Логопед. – 2014. – № 2. – С.5-12.
5. Жукова, О. Развитие руки: просто, интересно, эффективно / О. Жукова // Дошкольное воспитание. – 2013. – № 11. – С. 14-22.
6. Журова, Л.Е. Развитие звукового анализа слов у детей дошкольного возраста / Л.Е. Жукова // Вопросы психологии. – 2014. – № 3. – С.10-14.
7. Коноваленко, В.В. Особенности логопедических занятий для детей с общим недоразвитием речи / В.В. Коноваленко // Логопед. – 2014. – № 2. – С.13-20.

УДК 711.7

### **ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕРДЕ ГЕОГРАФИЯ САБАҚТАРЫ БОЙЫНША 11-СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ГЕОЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Сагинов Қайрат Мырзабаевич  
Доктор Ph D, физикалық және экономикалық  
география кафедрасының аға оқытушысы

Сағынғали Арнұр Нұрлығалиұлы  
7M01524 мамандығының 1 курс магистранты  
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
e-mail:sagynkali.0209@gmail.com

#### **Аңдатпа**

*Адамзаттын тұрақты даму мүддесіндегі экологиялық білім берудің қазіргі кезеңінің мақсаты тұлғаның геоэкологиялық мәдениетін қалыптастыру болып табылады. Осыған байланысты геоэкологиялық мәдениеттің негізінде жатқан оқушылардың геоэкологиялық құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі өзекті болып отыр.*

*Геоэкологиялық білім берудің теориясы мен практикасында геоэкологиялық құзыреттілікті қалыптастырудың әртүрлі жолдары негізделген, бірақ бұл процесте экологиялық білім мазмұны мен дағдыларымен жұмыс ерекше маңызды.*

Мақалада 11-сынып оқушыларының геоэкологиялық құзыреттілін қалыптастыруға мүмкіндік беретін теориялық тәсілдемелер мен тұжырымдамалар, оқу формалары мен әдіс-тәсілдері қарастырылған және география пәні мұғалімдеріне әдістемелік ұсыныстар анықталған.

**Түйінді сөздер:** білім беру, географиялық білім, геоэкология, геоэкологиялық сауаттылық, геоэкологиялық ойлау, геоэкологиялық құзыреттілік, геоэкологиялық мәдениет.

### **Аннотация**

Целью современного этапа экологического образования в интересах устойчивого развития человечества является формирование геоэкологической культуры личности. В этой связи актуальной становится проблема формирования геоэкологической компетентности учащихся, лежащая в основе геоэкологической культуры.

В теории и практике геоэкологического образования обоснованы различные пути формирования геоэкологической компетентности, но особое значение в этом процессе имеет работа с содержанием и навыками экологического образования.

В статье рассмотрены теоретические подходы и концепции, формы и методы обучения, позволяющие формировать геоэкологические компетенции учащихся 11 класса, определены методические рекомендации для учителей географии.

**Ключевые слова:** образование, географическое образование, геоэкология, геоэкологическая грамотность, геоэкологическое мышление, геоэкологическая компетентность, геоэкологическая культура.

### **Abstract**

The purpose of the current stage of environmental education in the interests of sustainable human development is the formation of a geoecological culture of the individual. In this regard, the problem of the formation of geoecological competence of students, which underlies geoecological culture, becomes relevant.

In the theory and practice of geoecological education, various ways of forming geoecological competence are justified, but in this process, work with the content and skills of environmental education is especially important.

The article discusses theoretical approaches and concepts, forms and methods of education that allow the formation of geoecological competence of students in Grade 11, and defines methodological recommendations for geography teachers.

**Key words:** Education, geographical knowledge, geoecology, geoecological literacy, geoecological thinking, geoecological competence, geoecological culture.

Қазіргі таңда әлемдік деңгейде орта білім беру аясындағы жоғары сынып оқушыларын құзыреттілік тәсілдеме негізінде оқытудың тиімділігі дәлелденді, себебі, бұл білім беру процесінің барлық буындарының мазмұнына сәйкес, оқушылардың білім деңгейіне, функционалдық сауаттылығына, іскерлік дағдыларына, дербес зерттеу жұмыстарына қол жеткізуге және оқуға деген ынтасын күшейтуге, жеке қасиеттерін дамытуға ықпал етіп үздіксіз білім алуына мүмкіндік береді. Осыған байланысты жоғары сыныптарда барлық мектеп пәндері бойынша оқушылардың жас ерекшеліктері мен оқу қажеттіліктеріне сәйкес құзіреттілік оқыту үдерісін жүзеге асыру мәселесі өзекті болып келеді. Мәселен, жоғары сыныптарда географияны оқыту мазмұны мен әдістемесінде келесі құрылымдау қағидаттары ескеріліп отыр: құрамдастыру, экологияландыру, ізгілендіру, саясаттандыру, экономикаландыру, іс-тәжірибеге бағытталуы. Біздің зерттеу тақырыбымызға сәйкес экологияландыру мәселесін кеңірек қарастырсақ экологияландыру бұл ресурстану, тірі және өлі табиғатты сақтау, қоршаған ортаны қорғау мәселелері мен мазмұнын күшейтумен байланысты географиялық білім беру үдерісімен байланысты географиялық білім беру мазмұны. Сонымен қатар, 11 сыныпта географияны оқыту барысында геоэкологиялық мазмұн мен оқыту әдістемесін жаңартуға, жаңа педагогикалық технологияларды енгізуге, оқушылардың геоэкологиялық құзіреттілігін қалыптастыру бағытында зерттеу жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының (ҚР) Жалпы білім беретін мектептерінде географиялық білім беру бағдарламалары оқушылардың геоэкологиялық құзыреттілігін қалыптастырудың басты проблемаларының бірі білім беру бағдарламаларының мазмұнында геоэкологияға қатысты арнайы пәндердің болмауы және оның басқа пәндермен кіріктірілген мазмұнды толық қанды ашылмауы. Оқушылардың геоэкологияға деген оң көзқарасын көрсететін халықаралық зерттеулерге қарамастан, ҚР жалпы орта білім беретін мектептеріндегі оқыту жүйесінде геоэкологияның орны әлсіреп, мәртебесі құлдырауда. Білім беру бағдарламаларында көптеген өзгерістер болса да, бірақ геоэкология бағытына басымдылық аз болып тұрғаны байқалады.



Осы мәселені жан-жақты зерделеу барысында біз қазіргі мектеп географиясы курстары 7-11 сынып оқу бағдарламалына геоэкологиялық құзіреттілікті қалыптастыру бойынша оқу мазмұның анықтау үшін контент-талдау жасауды мақсат қойдық. Ең алдымен оқу бағдарламасының негізгі міндеттерінің ішінде геоэкологиялық бағыт айқындалғаны көрінеді – оқушылардың бойында табиғат пен қоғам арасындағы өзара байланыстарға, осы байланыстардың кеңістіктік ерекшеліктеріне ғылыми көзқарастарды қалыптастыру; табиғатты қорғау мен табиғатты тиімді пайдаланудың ғылыми-жаратылыстану, әлеуметтік-экономикалық негіздерін ашу; географиялық-экологиялық білімді күнделікті өмірде, өз іс-тәжірибесінде пайдалану дағдыларын қалыптастыру.

7-9 сынып «География» пәні оқу бағдарламасының мазмұны 6 бөлімді қамтиды:

1) Географиялық зерттеу әдістері; 2) Картография және географиялық деректер базасы; 3) Физикалық география; 4) Әлеуметтік география; 5) Экономикалық география; 6) Елтану және саяси география негіздері. Жоғарыда көрсетілген бөлімшелердің ішінде геоэкологиялық білім мазмұны арнайы бөлімді қамтымайды, бірақ кіріктірілу арқылы қосымша қарастырылады. Ол ең алдымен мұғалімнің шеберлігі мен әдістемелік құзіреттілігіне байланысты болып келеді. Мысалы, 7-сыныпқа арналған базалық білім мазмұнында геоэкологиялық мазмұн келесі бөлімшелерінде қарастырылған: «Географиялық тәжірибелер. Далалық зерттеу әдістері». Сонымен қатар, 7-сынып оқу бағдарламасында қолайсыз атмосфералық құбылыстар тақырыбы бойынша, жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде қолайсыз атмосфералық құбылыстарды талдай отырып, сақтану шараларын ұсынылған.

8-сынып оқу бағдарламасында жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде климаттың адамзат тіршілігі мен шаруашылығына тигізетін әсеріне баға берген. Жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде құрлық суларының экологиялық проблемаларын жіктеп, шешу жолдарын ұсынылған.

9-сыныпқа арналған базалық білім мазмұнында келесі геоэкологиялық оқу материалдары көрсетілген: География ғылымы зерттеулерінің қазіргі заманғы өзекті проблемалары. Географиялық нысандар мен құбылыстарды номинациялау ерекшеліктері. Қазақтың халықтық географиялық терминдері. Географиялық нысандарды, үдерістер мен құбылыстарды картадан көрсету тәсілдері. Қазақстанның минералды ресурстарына баға беру. Минералды ресурстарды игерумен байланысты проблемалар. Қазақстанда қолайсыз және қауіпті атмосфералық құбылыстар. Қазақ халқының атмосфералық және климаттық құбылыстарды номинациялау ерекшеліктері. Қазақ гидронимдері. Қазақстанның су ресурстарына экономикалық баға беру. Су ресурстарының экологиялық проблемалары. Қазақстанның табиғат зоналары мен биіктік белдеулері.

Жоғарыда көрсетілген 7-9 сынып оқу бағдарламаларында көптеген географиялық дағдылар қарастырылған, бірақ геоэкология бағытына басымдылық жеткіліксіз, геоэкологиялық білім мен іскерліктер мен дағдылар жүйелі түрде берілмеген. Әрине геоэкологиялық дағдыларды қалыптастыру үшін жоғарыда көрсетілген білімдерді меңгеру қажет, алайда геоэкология бағытына басымдылық беру өзекті болып есептеледі. Сондықтан, 7-9 сыныптарының оқу бағдарламалардан бөлек қосымша пропедевтикалық геоэкология факультативті сабақтарын ұйымдастыру қажеттілігі туындап тұр деп ойлаймыз.

Жоғары мектептегі, яғни 10-11 сыныптар география курстарында арнайы геоэкологиялық тараулары қамтылған. Осыған байланысты 10-11 сыныптарындағы «География» пәнінің оқу мақсаты ретінде оқушылардың қоғам мен географиялық кеңістіктің барлық деңгейлерінде туындаған геоэкологиялық, геоэкономикалық, әлеуметтік, геосаяси және ғаламдық проблемаларды шешуге бағытталған географиялық білімдерін, біліктері мен дағдыларын қолдану үшін жағдай жасау болып табылады. Оқу міндеттері ішінде – геоэкологиялық үдерістер мен құбылыстарды зерттеу үшін ғаламдық, аймақтық және жергілікті ұстанымдардың түсінуін дамыту; геоэкологияны, адамзаттың ғаламдық проблемаларын зерттеу барысында геокеңістіктік деректерді өңдеудің заманауи әдістерін қолдану үшін жағдай жасау; оқушының бойында қазіргі дүниенің географиялық көрінісін геоэкологиялық іс-әрекеттер арқылы зерттеп-тану барысында құндылықтар жүйесін қалыптастыру; геокеңістіктік және геоэкологиялық әдістер және деректермен жұмыс істейтін мамандық пен кәсіп иелері атқаратын әрекеттерді орындату арқылы оқушыларға кәсіби бағдар беру.

11-сынып географиясы мазмұнында «Табиғатты пайдалану және геоэкология» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады: 1) табиғатты пайдалану; 2) геоэкологиялық зерттеу негіздері. «Табиғатты пайдалану және геоэкология». Табиғатты пайдалану; табиғатты пайдалануды реттеу, табиғатты қорғау шаралары; табиғатты қорғауда жеке тұлғаның рөлі; геоэкологиялық зерттеулер негіздері; қоршаған ортаның антропогендік өзгеруі; қоршаған ортаның сапасы; геоэкологиялық жобалау [1, б.3-12].

Жоғарыда көрсетілгендей 7-9 сынып оқу бағдарламаларында геоэкологиялық білім жоқтың қасы десекте болады. Оқушылардың геоэкологиялық құзіреттілігі болуы үшін, алдымен экология ғылымын терең түсінуі керек. Сондықтан да геоэкология курсын қосымша пән ретінде енгізуге болады. Бұл жердегі пәнді оқытудағы мақсат – оқушылардың табиғи-антропогендік ландшафтардың дамуы, құрылымы, өмір сүру және динамикасын, қоршаған орта аясындағы өзара әрекеттесуді және байланыстарды саралай алу үшін

жаңа оқу жоспарын құрастыру және бейімдік оқытуәдіс-тәсілдерімен теориялық білім мен тәжірибелік дағдыларын қалыптастыру.

10-11 сынып география курстары білім беру мазмұнын тереңдетілген талдау нәтижесінде геоэкология ұғымы, геоэкологиялық процесстер мен заңдылықтары қарастырылғаны көрінеді, бірақ басымдылық аз байқалады. 11 сынып оқу бағдарламасының екінші тарауында геоэкологиялық зерттеулердің мәнін, мазмұнын, бағыттарын графикалық түрде ұсыну; геоэкологияның негізгі категорияларын түсіндіру; геосфералардың ластану деңгейін анықтап, себеп-салдарын зерттеу; дүниежүзі аумағын ластану және табиғи ортаның бұзылу деңгейі бойынша аудандастыру; табиғатқа әсер ететін антропогендік факторларды топтастыру және графикалық түрде ұсыну; табиғатқа әсер ететін антропогендік факторлардың азайту жолдарын ұсыну секілді тақырыптар берілген.

География курсытарының оқу бағдарламаларына контент-талдау нәтижесінде мектеп географиясын экологизациялау үдерісі аясында жүйелі жұмысты жүзеге асыру үшін 7-10 сыныптардың оқу бағдарламаларына геоэкологиялық тақырыптарды енгізілуі қажет екендігі байқалады. Сонымен қатар, арнайы қосымша факультативтік сабақты және сабақтан тыс геоэкологиялық оқу-тәрбие іс-шараларын енгізу қажеттілігі бар деп ойлаймыз. Осы бағытта әлемдік тәжірибені зерделей отырып ең тиімді тәсілдеме ретінде құзіреттілік тәсілдемені қарастыруға болады.

Бүгінгі таңда білім беруде құзіреттілік тәсіл басым болып отыр. Жаңғырту тұжырымдамасына сәйкес жалпы білім беретін мектеп білім алушылардың әмбебап білімінің, іскерлігінің, дағдыларының, дербес іс-әрекет тәжірибесі мен жеке жауапкершілігінің, басқаша айтқанда, білім берудің қазіргі мазмұнын айқындайтын құзыреттердің тұтас жүйесін қалыптастыруға тиіс. Қазақстан Республикасының Жалпыға міндетті білім беру стандарттарына «құзыреттілік» ұғымы да енгізілді. «Құзыреттілік» терминдерінің айырмашылығы келесідей: «құзыреттілік» – «хабардарлық», белгілі бір саладағы бедел; «құзыреттілік» – біреу жақсы білетін мәселелер шеңбері. Яғни біздің көтеріп отырған мәселеміз бойынша, оқушылардың қоршаған ортаны пайдалану және сақтауда қандай құзіреттіліктерге ие болуы екендігі айтылады. Құзыреттілік ұғымдарын көптеген ғалымдар мен педагогтар қарастырған: И.Г. Агапов, А. С. Гаязов, А.В. Хуторской, В. В. Гузеев, В. А. Демин, Джон Ревен, Л. И. Гурье, В. Ландшер, Г. С. Трофимова, М. А. Холодная, В. М. Шепель, С. Е. Шишов, Б. Д. Эльконин, А.Н. Дахин, Г. Г. Скоробогатова, В. В. Гузеев және т. б. Орта білім беру мектептеріндегі оқу-тәрбие процесін талдау кезінде көрсеткендей, оқушылардың геоэкологиялық құзыреттілігін қалыптастыру көбінесе мұғалімдер шешетін оқу-тәрбиелік міндеттерден тыс қалады.

Ш. Таубаева көзқарасы бойынша: «Құзыреттілік – ол тұлғаның оқыту мен әлеуметтену процесстері барысында меңгерген білім мен тәжірибеге негізделген, оның жалпы қабілеті мен іс-әрекетке даярлығы ретінде айқындалатын, тұлғаның кіріктірілген қасиеті».

К. Құдайбергенова көзқарасы бойынша: «Құзыреттілік» ұғымы – соңғы жылдары педагогика саласында тұлғаның субъектілік тәжірибесіне ерекше көңіл аудару нәтижесінде ендіріліп отырған ұғым [2, б. 30-32].

Біздің зерттеуімізде құзіреттілік ұғымының келесі анықмасысы қолданылады: білім, білік ұғымдары арқылы анықталатын тұлғаның жеке қасиеті. Нақты білімдері мен дағдылары арқылы кейбір міндеттерді шешуге атсалыса алатын немесе мәселені өз бетінше шеше алатын жеке тұлға мүмкіншіліктері.

Құзіреттіліктердің көптеген жіктемелері мен түрлері бар, А.В. Хуторской келесі негізгі құзіреттіліктерді бөліп көрсетеді: жалпы мәдени құзыреттілік; құндылық-мағыналық құзыреттілік; ақпараттық құзыреттілік; оқу-танымдық құзыреттілік; коммуникативтік құзыреттілік; әлеуметтік-еңбек құзыреттілігі; тұлғалық өзін-өзі жетілдіру құзыреттілігі.

Жоғарыда қарастырылған құзіреттіліктер ішінде геоэкологиялық құзіреттілік бөлек көрсетілмеген, бірақ А.В. Хуторской жіктемесіндегі тұлғалық өзін-өзі жетілдіру құзіреттілігінің анықтамасында экологиялық мәдениеттің рөлі туралы айтылған. Орта білімді экологияландыру мен ізгілендіру бағытында әрбір пәннің мазмұны маңызды болып келеді, бірақ сонын ішінде, жаратылыстану пәндерінің рөлі ерекше, әсересе география пәнінің. Географиялық білімді экологияландыру барысында ғалымдар геоэкологиялық мәдениетті қалыптастыру оның негізгі мақсаты ретінде қарастырып келеді. Геоэкологиялық мәдениет дегеніміз бұл – жалпы дүние-жүзілік мәдениеттің дамуының бір кезеңі және құрамдас бөлімі; адамзаттың өмірі мен болашақтағы дамуында экологиялық проблемалардың өзекті маңыздылығын баршаның тереңінен кәміл ұғынушылығымен сипатталады [3, б. 58-65].

Геоэкологиялық мәдениеттің маңызды компоненті – жас ұрпақтың геоэкологиялық құзыреттілігін тиімді қалыптастыруға мүмкіндік бермейтін бірқатар маңызды қайшылықтарды бөліп көрсету керек. Оларға арасындағы қайшылықтар жатады:

- қоғамның жоғары геоэкологиялық мәдениеті бар, өз қызметі мен мінез-құлқын геоэкологиялық императивтің талаптарына сәйкес құратын және педагогика ғылымында осы мәселенің жеткіліксіз дамығанына деген қажеттілігі;

– оқушылардың геоэкологиялық білімінің дәстүрлі мазмұны және оның іс-әрекеттік құрамдас бөлігін өзектендіру қажеттілігі;

-оқушылардың геоэкологиялық құзыреттілігін дамытуды ынталандыратын инновациялық педагогикалық технологияларға және оларды әзірлеу мен білім беру процесіне енгізудің жеткіліксіз деңгейіне сұраныс.

Геоэкология қоршаған орта мен адам денсаулығы, сонымен қатар ел болашағы үшін өте өзекті болмақ.Ал еліміздің геоэкологиясымен әрбір болашақ маманның хабардар болуы одан да өзекті.Бірінші мәселе оқушылардың геоэкологиялық құзыретін арттыру,оны мектеп оқу бағдарламасына еңгізу,оқушыларға арнап әртүрлі геоэкология тақырыбындасабақ жоспарларын әзірлеу.Оғансыныптан тыс факультативтік сабақтарды кірістіре аламыз, сонымен қатар географиялық электронды оқулықтар, цифрлық білім беру ресурстары, приложениялар, программалар, геоэкологиялық соқпақтар, экскурсиялар, походтар, ғылыми жобалар өткізуге болады.

Адамның экологиялық санасы мен ойлау заңдылықтарын зерттеуге, тұлғаның экологиялық мәдениетінің қалыптасуы мен дамуына, мектеп түлегінің тұрақты даму, геоэкологиялық құзыреттілік саласындағы құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған ғылыми психологиялық-педагогикалық зерттеулер бүгінде маңызды рөлге ие болуда. Мұның дәлелі, барған сайын шиеленісіп келе жатқан экологиялық дағдарыс – адамға сыртқы әлеммен қарым-қатынастың дұрыс емес стратегиясы туралы, осындай көзқарасты жалғастырудың ықтимал салдары туралы сигнал беретін "өту нүктесі" (мысалы, жаһандық техногендік апаттар түрінде: Минамата шығанағы, Чернобыль АЭС, Семей ядролық полигоны, Мексика шығанағы, Фукусима атом электр станциясы...). Геоэкологиялық құзыреттілік болшақ әрбір маман иеснің білім алу дағдысының маңызды бөлшегі болып саналу керектігіөте өзектіболмақ.

Геоэкологиялық білім берудің әлемдік озық педагогикалық теориясы мен тәжірибесінде геоэкологиялық құзыреттілікті қалыптастырудың әртүрлі тәсілдемелері мен әдіс-тәсілдері негізделген, бірақ бұл процесте экологиялық мазмұн ерекше маңызды.Геоэкологиялық білім берудегі шетелдік және отандық тәжірибеде құзіреттілік, мәдени-экологиялық, тұжырымдамалық, орта-ландшафтылық, кеңістік-уақыттық тәсілдемелер бөлінеді.

Мәдени-экологиялық және тұжырымдамалық тәсілдерді іске асыру кезінде географиялық және экологиялық тұжырымдамалар(масштаб, орын, кеңістік, қоршаған орта, геоэкологиялық жағдай, себептері мен салдары, жаһандану, билік, мәдениет, басқару және енгізу, теңдік пен айырмашылықтар, қауымдастықтар, байланыстар, әртүрлілік, тенденциялар, тұрақтылық, ландшафттың экологиялық әлеуеті, Денсаулық) негізінде білім алушылардың геоэкологиялық мәдениеті мен геоэкологиялық құзыреттілігі қалыптастырылады.

Ландшафттық-экологиялық тәсіл адамның ландшафтпен үйлесімді бірлігін, "адамның ландшафттан тыс, ландшафттан тыс болуы мүмкін емес" фактісінің өзектілігін көрсетеді (М. Хайдеггер).

Кеңістіктік-уақыттық тәсіл геоэкологиялық процестер мен проблемаларды әртүрлі масштабта қарастырады: жаһандық, аймақтық, жергілікті, жеке-жеке [4, б.15-17].

Ресейлік ғалым-эколог Н.М. Чернованың еңбектерінде 10-11 сынып оқушыларында геоэкологиялық құзіреттілікті қалыптастыру мәселелері бойынша жүйелі әдістемелік жұмыс жүргізілген. Автор «Геоэкология негіздері 10-11 сынып»факультативтік курсты орта мектептерде еңгізіп жүзеге асырған. Геоэкологиялық құзыреттілікті қалыптастыру үш кезеңде жүргізілген: мотивациялық-мақсатты, ақпараттық-танымдық, проблемалық-бағдарланған.Геоэкологиялық құзіреттіліктітабиғатты саналы мақсатқа сай пайдалану, қоршаған ортаға іс-әрекеттік құндылық қатынасының негізін қалаушы іс-әрекет ретінде қарастырылады.

Мектеп түлектері геоэкологиялық құзіреттілік арқылы өмірге дайын болып оның әр түрлі, тез өзгеретін қоршаған географиялық шындыққа және әр-түрлі геоэкологиялық жағдайаттарға тиісті геоэкологиялық сауаттылықпен, геоэкологиялық біліммен,геоэкологиялық ойлаумен, геоэкологиялық мінез-құлық пен геоэкологиялық мәдениетпен қарап оң шешімін тауып өмір сүре алады [5, б.302].

11 сыныпта географияны оқыту барысында геоэкологиялыққұзыреттілікті қалыптастыру үшін келесі екі бағыттарын жүзеге асыруға болады:

1) қарапайым метеорологиялық, геологиялық, гидрологиялық, ландшафттық, геоэкологиялық модельдеу және болжау;

2) күнделікті өмірде және болашақ кәсіби қызметке дайындықта әртүрлі геоэкологиялық білім мен дағдыларды пайдалану; жеке қауіпсіздікті, тіршілік әрекетін қамтамасыз ету және қоршаған орта жағдайларына бейімделу.

Геоэкологиялық құзіреттілікті дамыту жұмыстары бойынша келесі әдістемелік ұсыныстарды атап өтуге болады:

- Оқушыларды экологиялық тәрбиелеуде кәсіпорындарға экскурсиялар, іскерлік ойындар өткізу, экологиялық мәселелер бойынша пікірталастар.

- Геоэкологиялық проблемаларын шешу бағытындағы зерттеу жұмыстарына тартуға көмектеседі.

- Қоршаған ортаны қорғау мәселесін зерттеу бойынша сыныптық және сабақтан тыс тәрбие жұмыстардың бірлігі болып табылады.

Аталған оқу-тәрбие формалары оқушылардың қызығушылығы мен көркемөнерпаздығы негізінде құрылған, мектеп оқушыларын қоршаған ортаның жай-күйін зерттеу бойынша сабақтан тыс жұмыс олардың шығармашылық қабілеттері мен ғылыми-зерттеу жұмыстарына деген қызығушылығының дамуына ықпал етеді.

Қорыта келгенде, мектеп оқушыларындағы геоэкологиялық құзыреттілік, ең алдымен, жеке тұлғаның өзін-өзі жетілдірудің жоғары деңгейіне және жеке іс-әрекет түріне тікелей байланысты іс-әрекет ретінде мектепте жүйелі түрде қалыптасу керек. Себебі, қазіргі таңда, Қазақстан Республикасында геоэкологияны оқытуда оқытушылардың тақырыптар мен ақпараттарды жеткізу жеткіліксіз деңгейде. Сонымен қатар, педагогикалық кадрларды даярлау жүйесінде шешілмеген мәселелер көп екенін атап, оқу процесін қайта құруға бағытталған аспектілер болашақ маманның кәсіби дайындығына және құзыреттерді қалыптастыруға мүмкіндік екенін айтады. Сондықтан, біз, оқу бағдарламаларын талдап, геоэкологиялық құзыреттілікті қалыптастыратын білім беру мазмұның енгізу және қалыптастырудың әдістемелікжүйесін тиімді құру мәселенің оң шешімін табу жолдарын зерттеп қарастырамыз.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына 205-қосымша. 2-тарау 3-5б, 3-тарау 6-12б.

2 Құдайбергенова К.А.. Құзырлылық – тұлға дамуының сапалық критерий / «білім сапасын бағалаудың мәселелері:әдіснамалық негізі және практикалық нәтижесі » атты халықаралық ғылыми – практикалық конференцияның материалдары.2008. 30- 32б.

3 Хуторской А.В. Ключевые компетенции как компонент личностно-ориентированной парадигмы образования // На- родное образование. – 2003. – No 2. – 58-65 б.

4 Vinokurova N. F. Geoeological education: continuity and innovation // Geography at school. 2012. No. 5. pp. 15-17б.

5 Основы экологии: учеб. для 10(11) кл. общеобразоват. учреждения / Н.М.Чернова, В.М.Галушин, В.М. Константинов; под ред. Н.М.Черновой. – 10-е изд., стереотип. – М.Дрофа, 2006. – 302б.

УДК 37.036.5

### **РАЗВИТИЕ ТВОРЧЕСКИХ СПОСОБНОСТЕЙ В ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ШКОЛЕ НА УРОКАХ ХУДОЖЕСТВЕННОГО ТРУДА**

Сактаганова Камилла Маратовна  
учитель художественного труда  
КГУ "Общеобразовательная школа №5  
имени «Бауыржана Момышулы» УОАКО,  
г. Костанай, Казахстан  
E-mail: kamila\_99s@mail.ru

#### **Аңдатпа**

*Мақалада көркем еңбек сабақтарында шығармашылық қабілеттердің дамуы қарастырылады. Жаңартылған білім беру мазмұны кезінде осы мақаланың өзектілігі туралы негіздеме беріледі. "Шығармашылық даму", "өзін-өзі дамыту" ұғымдары, сондай-ақ жалпы білім беретін мектептерде осы қабілеттерді дамыту мәселелері ашылады. Баланы сабақта ынталандыру, сондай-ақ сабақта дарынды балаларды анықтау мәселелері қарастырылады.*

**Түйіндісөздер:** шығармашылық, көркем еңбек

#### **Аннотация**

*В статье рассматривается развитие творческих способностей на уроках художественного труда. Дается обоснование актуальности данной статьи во время обновленного содержания образования. Раскрывается само понятие «творческое развитие», «саморазвитие» а также проблемы развития способностей в общеобразовательных школах. Затронута проблема мотивирования ребенка на уроках, а также выявление на уроках одаренных детей.*